

2 Экологический Кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года // http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212_

3 Конституция Республики Казахстан, принятая на республиканском референдуме 30.08.95 года // http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

*Сұлтанова А.Т., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің
I курс докторанты*

Тұтынушылар құқығын қорғау мәселесін реттейтін заңнама әртүрлі деңгейдегі нормативтік актілердің ірі жиынтығын білдіреді және бірнеше ерекше сипатқа ие. Бәрінен бұрын бұл заңнамада құқықтың әр саласының нормалары бар (мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және т.б.).

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 12, 18, 24, 25, 29, 30-баптарына сәйкес, азаматтар демалу, денсаулығын қорғау, білім алу, тұрғын жай иелену, мәдениет жетістіктерін пайдалану құқықтарына ие.

Тұтынушылардың заңдық мүдделері мен құқықтарын қол сұғушылықтан қорғау әкімшілік және қылмыстық құқық нормаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде «Сауда қызметін және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың кем өлшеуі, таразыдан жеуі, кем есептеуі, тауардың (көрсетілетін қызметтердің) тұтыну қасиеттеріне немесе сапасына қатысты жаңылыстыруы немесе тұтынушыларды өзгедей алдауы» үшін жауапкершілік қарастырылған (159-бап) [1].

Әкімшілік құқық бұзышылық туралы кодекстің 161-бабы «Сатып алушының өтініші бойынша тауар, оның шығарылған жері, дайындаушылары, тұтыну қасиеттері, кепілдік берілген міндеттемелер және талап қою тәртібі туралы қажетті ақпарат бермегені» үшін жауапкершілікті анықтайды.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманың негізгісі, мәдени және материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша қатынастарды құқықтық реттеу азаматтық заңнаманың актілерімен жүзеге асады. Азаматтық заңнаманың базасы боп кодификацияланған азаматтық заңнаманың нормалары табылады. Бұл актілер тұтынушылардың қатысуымен болған келісім-шарттық қатынастардың субъектілерінің құқықтарын, міндеті мен жауапкершілігін белгілейді.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы[2] меншік нысанына қарамастан кез келген кәсіпорынға таралады. Ол тұтынушы мен дайындаушы, орындаушы, сатушылар арасындағы тауарларды сату (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) кезіндегі қатынасты реттеуге арналған. Тұтынушылардың сапалы тауар алуына (жұмыс орындалуына, қызмет көрсетілуіне), тауарға қатысты барлық ақпаратты алуға, олардың мүдделерінің мемлекеттік, қоғамдық тұрғыда қоғалуына септігін тигізеді. Сонымен қоса құқықтарды жүзеге асыру механизмін анықтайды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң тікелей ықпал ету заңы болып табылады. Яғни, заңның өзінде оның орындалу механизмі және заңның ережесін бұзғаны үшін жазалау көрсетілген. Ол заң құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерді, сонымен қоса тұтынушының құқығын қорғау кепілдіктерін, олардың заңдық мүдделерінің дайындаушылар мен сатушылар мүдделерінен жоғары тұру басымдылығын мойындауды нақты бекітті.

Заңның бұрынғы редакциясында тұтынушы жеке басының тұрмыс қажеттілігі үшін тауарды (қызметті) алушы, пайдаланушы, тапсырыс беруші азамат ретінде сипатталды. Ал қазір қолданыстағы заң бұл қажеттіліктердің пайда табумен еш байланыста болмау керектігін нақтылайды.

Бұл нақтылық өте мағыналы, өйткені, ол сол терминнің құқық қолданудағы екі жүзділігін жойды. Әлбетте бұрын «жеке тұрмыстық қажеттіліктер» дегеннің астарында не жатқанын анықтау қиын болатын. Мысалы, бір аймақтарда субъектілердің тұтас топтарымен болатын сот істеріндегі құқықтық қатынастар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң нормаларын қолдану арқылы реттеледі, осы заңның нормаларын қолдану арқылы азаматтардың шағымдарын қараудың оларға өте тиімді салдары болды.

Мұндай қайшылықтың көрінісі ретінде, мысалы, өз салымдарының өсімі жөнінде талаппен әртүрлі қаржы компанияларына шағымдаған салымшыларға деген сот органдарының көзқарасы

болып табылады. Кейбір соттарда қалыптасқан жағдай бойынша тұтынушылар мен қаржылық қызмет көрсетушілер арасында құқықтық қатынастар орын алды деп есептеп, шешім бойынша шартпен қарастырылған сомадан басқа, тұрақсыздық, залал, моральдық шығын өндіріп алынды, талапкерлер баж салығын төлеуден босатылды, баламалы соттылық қолданылды, яғни Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексімен қарастырылған барлық нормалар қолданылды. Басқа соттарда, салымшы-талапкерлерді тұтынушы деп танымағандықтан жоғарыда қарастырылып өткен міндеттемелерді орындамаудың салдарлары туындамады, өндіріп алу Азаматтық кодекстің нормаларына сілтеме жасай отырып жүргізілді [3, 27].

Осылайша, «тұтыну» деген түсініктің айтылуын нақтылап, заң шығарушы, заңдағы талқылаудың әртүрлі оқылуын жойды.

Ұқсас, шағын бірақ, мағыналы толықтырулар «өндіруші», «сатушы», «орындаушы» деген түсініктерге енгізілген: олардың ішіндегі біріншісі ретінде жаңа редакция жай ғана кәсіпорынды, ұйымды, мекеме немесе азамат – кәсіпкерді емес, өткізу үшін тауар шығаратын, кез келген меншік түріндегі заңды тұлғалар, жеке тұлғаларды айтады. Енді өнімді өткізу тек тұтынушыларға қатысты болуы керек. Орындаушымен жұмыс істеу және қызмет көрсету тек тұтынушымен және тек өтеулі келісім-шартпен жасалуы керек.

Мұндай өзгерістер, бір жағынан, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның әрекет ету аумағынан әшейінде нарықта әрекет ететін тұлғалардан формасы мен құрылымы өзгеше тұтынушылармен өзара әрекет ететін субъектілерді шығарып тастамауға мүмкіндік береді, ал бір жағынан тауарлар, жұмыс жасау, қызмет көрсетуге байланысты өзара шаруашылық субъектілерінің ара қатынасын осы заңмен реттелетін шектен шығарады.

Қарастырылып отырған заңның жаңа редакциясы «тауардың едәуір жетіспеушілігі» деген түсінікті әжептеуір кеңейтті: енді бұрын айтылған белгілерден басқа жетіспеушілігі мағыналық категориясына жатқызатын, егер тұтынушы келісімді жасар кезде қойған мақсатынан белгілі бір дәрежеде айрылса, тауардың жетіспеушілігі маңызды болып табылады. Бұл жаңалық тұтынушылардың құқықтық жағдайын күшейтуге бағытталған, демек елеулі жетіспеушіліктердің болуымен заң тұтынушыға едәуір тиімді құқықтық салдарды байланыстырады.

«Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңның түсініктемелік базасын негізгі жетілдірудің логикалық аяқталуы оның преамбуласынан «міндетті түрде сертификаттау» деген түсінікті алып тастау және бұрын заңда айтылмаған «тауардың (жұмыс жасаудың, қызмет көрсетудің) қауіпсіздігі» деген терминді енгізу болды.

Тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық тұрғыда реттейтін 1-бап та өзгеріске ұшырады. Қазір бұл саладағы құқықтың негізгі қайнар көзі болып ҚР Азаматтық кодексі табылады, өйткені, бұрын қолданыста болған редакцияда мұндай нұсқау болған жоқ. Осы заңмен белгіленген тұтынушылардың құқықтары мен оларды қорғау кепілдігін төмендетуге республика субъектілеріне тиым салуды көздейтін сол баптың үшінші тармағы құқықтың актіден негізді түрде алынған: заң шығарушы жергілікті заңнамамен салыстырғанда Қазақстан заңының жоғары заңдық күші туралы құқық теориясының әліппесінің мәтінінде артық қайталаушылықты дұрыс көре білген.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан заңнамасын халықаралық нормаларға сай келтіру мақсатында қарастырылып отырған заңның жаңа редакциясында бірінші рет тұтынушылар құқығын қорғау саласында ағартушылықты тұтыну құқығы енгізілді (3-бап). Мұндай амал ақталған, өйткені бұл құқық БҰҰ Бас Ассамблеясының 1986 жылғы 8 сәуірдегі №39/248 құжатында көрсетілген. Осы құжаттағы қалған барлық құқықтар белгілі бір деңгейде тұтынушылар құқығын қорғау туралы Қазақстанның заңнамасында көрсетілген, сондықтан оған жетіспейтін құқықты енгізу ақылға сиымды және сабақтасты. Бұл норма осы құқықтың іске асуы мен қамтамасыз етілуі жолдарын көрсетеді.

Заңның бұрынғы редакциясында заңшығарушы белгілі бір құқықтың салдарымен (кепілдік мерзімі, жарамдылық мерзімімен) байланыстыратын мерзімдерге қатысты мәселелер логикалық шешімге жеткізілмеген. Бұл мерзімдерге қатысты сілтемелер заңның бүкіл мәтінінде кездеседі, бірақ іс жүзіндегі талқылауда өзгешелік тудырған, бұл терминдерді қалай түсіну керектігі айтылмаған. Жаңа түсініктеме тауардың кепілдік, жарамдылық мерзімдеріне және тауардың қызмет ету мерзіміне анықтама берген.

Заңның алғашқы нұсқасында болған жүзеге асыру механизміне нұсқау бермейтін таза декларативті бірнеше ережелер жаңа редакциядан тыс жұмыс істейтін деп айтуға болатын нормалармен ауыстырылған немесе толықтырылған. Мысалы бұрынғы редакцияның 4-бабының 2 және 3-тармақтарында дайындаушының міндеті ретінде тауардың өз мақсатымен пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету, сонымен қоса белгілі бір мерзімде оларды жөндеу және техникалық

камтамасыз ету көрсетіледі. Бірақ бұндай міндеттемелер іс жүзінде қалай жүзеге асатыны көрсетілмеген. Қазіргі редакция (6-бап) бұл міндеттер жүзеге асатын нақты өкілеттіктерді қамтыған.

Сонымен қоса, орындаушы мен дайындаушының (тауарды пайдалану, жөндеу, техникалық қызмет көрсету) міндеттері ескі редакцияда дара түрде көрсетілген. Жаңа редакция жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді тауардың пайдаланылу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шара ретінде таниды және бұл өте орынды шешілген.

Заңмен бұрынырақ көрсетілген тұтынушылардың тауар (жұмыс жасау, қызмет көрсету) қауіпсіздігіне деген құқығы едәуір кең және жан-жақты: егер бұрын бұл құқық тауарларға, оларды пайдалану, сақтау, тасымалдау кезеңіне қолданылса, ол қазір олар жойылу кезінде де қауіпсіз болуы керек (11-бап). Өйткені өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сатушының (өндірушінің, орындаушының) міндетін орындау мерзімі де ұзарады. Бұрын олар тауарлар тұтыну саласынан шыққанда оның қауіпсіздігіне жауап бермейтін. Қазір қолданыстағы заңнама бойынша тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етпегені үшін болатын жауапкершілігінің өзі күшейді: бұрын осының салдарынан келтірілген зиянның орнын толтыру қарастырылған болса (5-баптың 3-тармағы), қазір тұтынушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне тиген барлық зиянның орнын толық көлемде толтыру қарастырылған (16-бап; 7-баптың 8-тармағы).

Заң шығарушының тұтынушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету мәселесіне деген көзқарастың өзі едәуір өзгерді. Заң бұрын тұтынушының ақпаратқа деген құқығын жариялай отыра, оның қай тілде болатынын көрсеткен жоқ, яғни оның тұтынушыға түсініксіз тілде болуы қандай да бір ақпараттың мүлдем болмағанын білдіретін. Жаңа редакцияның 10-бабы ақпаратты міндетті түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде беру туралы міндетті талап енгізеді.

Өндірушінің (орындаушының, сатушының) тұтынушыға қандай ақпарат беруі керек деген мәселедегі заң шығарушының кемшілігі де жойылған: олардың тұтынушыны нақты қандай ақпаратпен қамтамасыз ету міндетін ескі редакцияның 7-бабында тек кәсіпорындарға (заңды тұлғаға) ғана жүктеген болатын, ал сол заңның кіріспе бөлімінде өндіруші болып азамат-кәсіпкер (жеке тұлға) де табыла алады деп жазылған. Жаңа редакцияның 25-бабы мұны ескеріп, сатушының (дайындаушының, орындаушының) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы ақпарат беру жөніндегі міндетін заңға енгізді.

Егер де бұрын тауар (жұмыс жасау, қызмет көрсету) туралы және өндіруші (сатушы, орындаушы) туралы жалған және жеткіліксіз ақпаратты берудің 10-бапқа сай үш негізге арқа сүйеген үш салдары болса: осындайдың нәтижесінде қажетті тұтынушылық қасиеттері жоқ тауар сатып алынса, оны мақсатына сай пайдалануға болмайды, яғни тұтынушы зиян шегеді, ал қазір қолданыстағы заңның 27-бабы мазмұны тиісті емес ақпарат бергені үшін жауапкершіліктің төртінші негізін енгізді. Енді Сатушы (дайындаушы) осы баптың 4-тармағында көзделген міндеттерін орындамаған кезде тауарды өндірістен алу, оны айналымнан алып қою және тұтынушыдан қайтарып алу тиісті мемлекеттік органның нұсқамасы бойынша жүргізіледі. Тиісті мемлекеттік органның нұсқамасын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қолданыстағы заңда тұтынушылардың қоғамдық ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұтынушылар мүддесін қорғаудағы, сонымен қатар олардың шығындарының орнын толтырудағы талпыныстарын ынталандыру болып табылады. Осы заңның 24-бабының 6-тармағы бойынша, тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтеуге міндетті. Сотта тұтынушылардың құқықтарын қорғаудағы Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдарының белсенділігіне 42-бапта көрсетілген жаңалық та септігін тигізеді, яғни тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар) тұтынушылар мүддесіне орай сотта қарауға жіберетін талап-арыздарға мемлекеттік баж салынбайды.

Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы Заңда Тауардағы кемшіліктерден және тауардың қауіпсіздік нормаларының бұзылуынан туындаған зиян, егер ол тауардың белгіленген жарамдылық мерзімі (қызмет ету мерзімі) ішінде келтірілген болса – өтелуге, ал егер жарамдылық мерзімі (қызмет ету мерзімі) белгіленбесе – тауар өндірілген күннен бастап он жыл ішінде өтелуге тиіс (31-бап, 3-бөлім). Егер тауардың қызмет ету мерзімі белгіленбесе немесе егер тұтынушыға дұрыс ақпарат берілмесе, зиян, оның келтірілген уақытына қарамастан өтелуі тиіс.

Аталмыш зиян, бұдан басқа, заңның бұрынғы редакциясы бойынша, сот практикасы қарастырылған норманы сату және тауарды пайдалану кезінде орын алған осы норманың жөнсіз атауын мұндай тар мағынада анықтаған емес. Мұндай қалыптасқан көзқарас заң шығарушымен ескерілген. Заңда (13-бапта) тұтынушының иеленетін тауардың (жұмыстың, көрсетілетін

қызметтің) сапасын, жиынтықталымын, салмағын, көлемін, санын, мөлшерін тексеруге, егер бұл тауардың сипатына қарай мүмкін болатын болса, өзінің қатысуымен тауардың қасиеттерін тексеруді немесе оның дұрыс және қауіпсіз пайдаланылуын көрсетуді жүргізуге құқығы қарастырылған.

Кейбір арам пиғылды тұтынушылардың өз жеке бас пайдасына заңның жетіспеушілігін пайдалануы назарға алынған. Заңның 15-бабының 1-бөлімінің 6-тармағына сәйкес, тиісті емес сападағы тауар сатылған тұтынушы, егер сатушы (дайындаушы) оған тауардағы кемшіліктер жөнінде айтпаса, өз таңдауы бойынша шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы. Заңның бұрынғы редакциясында олар тауардың кез-келген жетіспеушілігіне қатысты қолданылатын. Қымбат және күрделі тауардағы шамалы дефектілер тауарды пайдалануға кедергі келтірмейтін болса және оны оңай жөндеуге мүмкін болса, онда тауарды жаңасымен ауыструды немесе жаңа ұқсас тауардың құнын төлеуді талап ете алды. Практикада, мысалы, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушы автокөлікке қатысты сотқа жолданды, ол өз талабын мәнді емес, жеңіл жөнделетін жетіспеушіліктің болуымен байланыстырды. Сот талапты қынығаттандыруға мәжбүр болды, себебі сол уақытта қолданыста болған заң мұндай талаптарды қоюға ешқандай кедергі қойған жоқ. Енді заңшығарушы аталмыш норманы әділ өзгерте отырып, мұндай кемшілікті жойды [4, 14].

Бір мезетте заң шығарушы сатушыға тұтынушылық тауар сатқаны жөнінде куәландыратын құжатты міндетті түрде беру туралы талапты күшейтті (18-бабы), бұрын оны тек тұтынушының сұрауымен ғана беретін (17-баптың 5-тармағы). Практикада (мұндай талаптар болмағанда) көбінесе бұл тұтынушыға сапасыз тауардың, нақты бір сатушыдан, нақты бір уақытта, сондай бір бағаға алынғанын дәлелдеуге бөгет болатын.

Заңның 18-бабының 5-тармағында тауардың ақауларының пайда болу себептеріне қатысты дауларды шешу тәртібі де реттелген: енді сатушының тауарды өз есебінен сараптамадан өткізуі заңды түрде айқындалды, ал тұтынушы оның қорытындысын сот жүзінде даулауға мүмкіндік алды. Егер сараптама тауардың ақауы тұтынушының кінәсінен болғанын (тауар соған берілгенін кейін) дәлелдесе, онда ол сатушының сараптамаға кеткен шығынын қайтарады.

Заңның қазір қолданыста жүрген нұсқасының 32-бабы тауардың – жылжымайтын мүліктің кепілдік және жарамдылық мерзімінің басталу сәтін белгілейді: «тауардың жарамдылық мерзімі тауар әзірленген кезден бастап есептеледі. Егер әзірлеу кезі мен пайдалануға дайын болу кезі сәйкес келмесе, тауардың жарамдылық мерзімі пайдалануға дайын болу кезінен бастап қолданыла бастайды, ол жөнінде тұтынушы хабардар етуге тиіс. Белгіленген жарамдылық мерзімі және (немесе) сақтау мерзімі өткеннен кейін тауарды, сондай-ақ жарамдылық мерзімі және (немесе) сақтау мерзімі белгіленуге тиіс, бірақ олар белгіленбеген тауарды өткізуге тыйым салынады» [2].

Заңның қазіргі түйіні, ағымында сатушылар мен өндірушілер сатып алушының тауардың ақауын жою немесе балама тауар беру, ауыстыру жөніндегі талаптарын орындайтын мерзімдерді реттеп, шындыққа жақындатты: енді заңда ол іс-әрекеттер тез арада болсын деген талап жоқ, әрқайсысының өз мерзімі бар.

Тұтынушылардың жоғарыда аталған талаптарын уақытында орындамағаны үшін кәсіпкерлердің жауапкершілігін енгізе отыра, оны тұрақсыздық ретінде тани отыра, бұрынғы редакция бұл құнның қалай есептелетінін, қандай кезеңге және қай жерде анықталатынын ескермеген болатын (27-бап). Сатушы (дайындаушы) тауардың белгіленген сақтау мерзімі немесе жарамдылық мерзімі ішінде тауардың қауіпсіздігі үшін жауап беруге міндетті (27-бап).

Осы жерде тағы бір айта кететін жайт бұрынғы редакцияда қарастырылған тұтынушы сапасыз тауарын (формасы, түсі, көлемі, мөлшері сай келмейтін) ұқсас тауарға тек сауда кәсіпорнында ауыстыруға мәжбүр болатын, сөйтіп сол кезде сатушы-азамат сол норманың әсер ету аумағынан тыс қалатын. Ал қазір сатып алушы ондай талапты тауар сатып алған кез келген сатушыға қоя алады (30-бап): «Тұтынушы тауардан кемшіліктер тапқан және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда сатушы (дайындаушы) – оны дереу ауыстыруға, ал сатушының (дайындаушының) тауар сапасын қосымша тексеруі қажет болған кезде тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруға міндетті» [3].

Жұмыстар мен қызметтерді орындауда тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін заңның 3-тармағы да терең өзгерістерге ұшырады. Ең алдымен, мерзімдерді бұзудың құқықтық салдарлары өзгертілген: тұтынушы орындаушыға жұмыс мерзімін белгілеу арқылы сол уақытта оның жұмысты орындауға (қызмет көрсетуге) кірісуі және оны орындауы қарастырылады, сонымен қатар тұтынушы жасаған жұмысы (қызметі) үшін бағаны төмендетуді талап ете алады, мұндай норма арам пиғылды орындаушыларға қатысты санкцияларды қатайтуға бағытталған. Бұл

ұстаным сол норманың өзге де өзгерісінде көрінеді: егер бұрынғы редакциямен орындаушының жұмыс істеу жөніндегі келісім, яғни шартты бұзған жағдайда ғана тұтынушыға келтірілген шығынның орнын толық толтыратын. Мұндай норманың жеке абзацқа ауыстырылуы мұндай санкцияны 28-бапта қарастырылған жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау мерзімін бұзғаны үшін салдарлармен бірге қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі шарттық-мүліктік құқық қатынастарының әртүрлі саласындағы қатынастарды басым реттейді және оның нормаларын, бәрінен бұрын, келісім жасарда коммерциялық пайда алуды көздейтін кәсіпкерлер - негізгі қатысушылар болып табылатын келісім-шарттарды реттеуге бағытталған. Дамыған нарықтық экономиканың басты қатысушысы болып табылатын тұтынушы сияқты әлсіз тараптың мүдделерін қорғауда пайдалана алатын нормалар мүлдем жоқ деуге болады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде «тұтынушы» түсінігінің, оны міндеттемелік қатынастарға өзге де қатысушылардан даралайтын нақты анықтамасының жоқтығын атап өтуге болады.

Жоғарыда аталған тұтынушының құқығын қорғау бойынша қатынастарды реттеудегі қайшылықтарды жою үшін, біздің пікірімізше, келісім-шарттық қатынастарда әлсіз тарапты білдіретін Азаматтық кодексті «тұтынушы» түсінігімен толықтыру қажет. Осыған орай «тұтынушы дегеніміз пайда табуды көздемейтін, тек қана өз мұқтажыңың қанағаттандыру үшін тауарды иелену немесе жұмысқа, көрсетілетін қызметке тапсырыс беретін жеке тұлға» деген анықтама беруді жөн санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235 Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

2 Қазақстан Республикасының «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274 – IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274>

3 Мальцев Т.Г. Кто защитит права потребителей // Вестник Министерства Юстиции, 1996, №6, С.25-28.

4 Гражданское законодательство Республики Казахстан: Статьи; Комментарии; Практика. Выпуск 7 /Высшая школа права "Әділет" / Под ред. А. Г. Диденко. - Алматы, 1999. - 218с.

АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ СПОСОБЫ РАЗРЕШЕНИЯ ГРАЖДАНСКИХ СПОРОВ В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ

Тналин К.Е. – магистрант КарГУ им.Е.А.Букедова

Важность разработки альтернативных способов разрешения споров частноправового характера определяется тем обстоятельством, что не всегда требуется обращение к судебной форме защиты права, а в некоторых случаях даже нецелесообразно. Участники спора имеют определенные возможности самостоятельно урегулировать спор. И сегодня на пути создания альтернативных форм разрешения конфликтов частноправового характера является серьезной проблемой[1].

Альтернативные способы рассмотрения споров получило широкое распространение в Европе, США, Англии 20-25 лет назад, и в настоящее время на долю внесудебных институтов приходится от 25-50% разрешаемых споров[2]. Например, в КНР только за 1995-1998 гг. через АБК-процедуры было разрешено свыше 62 тыс. споров. Из них порядка 25% - по коммерческим спорам между компаниями[3].

Началом широкого распространения альтернативных процедур в судебной системе США послужило принятие в 1990 году Акта о реформе гражданского судопроизводства[4]. Данный нормативно-правовой акт предусматривал создание в каждом федеральном судебном округе специальных рекомендательных комитетов по разработке мероприятий, связанных с АБК.

В 1998 г. был принят Закон об альтернативном разрешении споров, согласно которому окружные суды США обязывались предлагать сторонам спора как минимум один из существующих способов альтернативного разрешения и урегулирования споров, причем рекомендовались такие, как посредничество, независимая экспертиза и арбитраж. В 2001 г. был разработан и рекомендован для принятия в штатах Единообразный закон о посредничестве, в котором нашло свое отражение